

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің әкімшілік ғимараты.

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті Батыс Қазақстандағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры **Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгі иегері, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалінің иегері, «Моңғолия білім беру ісінің үздік қызметкері» медалінің иегері, «Ы.Алтынсарин» төс белгісінің иегері.

Шүңкеев Қуанышбек Шүңкейұлы, университеттің бірінші проректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, Қ.Сатпаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР БЖҒМ-нің «Үздік оқытушы» гранты мен ғылыми стипендиясының иегері, «Ақтөбе қаласының құрметті азаматы», Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстанның батыс аймағында қатты дене физика және материалтану саласы бойынша физик-экспериментшілер ғылыми мектебінің негізін қалаушы, ғылымның басым бағыттары бойынша ҚР БЖҒМ-нің ғылыми гранттарының жетекшісі.

Абенова Бибігүл Сейілқызы, университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі.

Бекназаров Рахым Ағыбайұлы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, университеттің «Тарих және аймақтану» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, доцент.

Цхай Константин Валентинович, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде ректордың кеңесшісі қызметін атқарады.

Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 263-шы ғимарат, телефон: +7 (713) 254-85-16

№ 1 оқу ғимараты

Университеттің бас ғимараты Әлия Молдағұлова даңғылы мен Ағайынды Жұбановтар көшелерінің қиылысында орналасқан. Әлия Молдағұлова — Кеңес Одағының Батыры, ол — Ақтөбе облысы, Хобда ауданы, Бұлақ ауылында Саркұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында 1925 жылдың 15 маусымында дүниеге келген. Әлия туған топырақ – талай батырлар түлеген киелі топырақ. Ол жер Қара Қыпшақ Қобыланды мен атақты Абат батырдың ізі қалған, берідегі Кеңес Одағының 9 бірдей батыры шыққан қасиетті мекен. Сол топыраққа тартып туған батыр қыз Әлияның есімі бүгінде талай жерді шарлап жүр.

Педагогика факультеті төмендегі мамандықтар бойынша бакалавр мамандар даярланды: «5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»; «5В010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»; «5В010300- Педагогика және психология»; «5В010500 - Дефектология»; 6N010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша магистр мамандар даярланды.

Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы 34,№ 316 кабинет,+7 (7132) 24 95 74

Жаратылыстану факультетінің құрамында 3 кафедра бар:- Биология кафедрасы,- Экология кафедрасы, - Химия кафедрасы.

Факультетте білім алушылар бакалавриаттың 5 және магистратураның 2 мамандығы бойынша даярланады:Бакалавриат:- 5В011200 – Химия;- 5В011300 – Биология; - 5В060600 – Химия;- 5В060700 – Биология;- 5В060800 – Экология. Магистратура: - 6М060700 – Биология; - 6М060800 – Экология.

Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова к/сі, 36,705 кабинет,+7 (7132) 54-35-13

Кәсіби-шығармашылық факультеті бакалавриаттың 6 мамандығы бойынша мамандар дайындайды: 5В010600 – Музыкалық білім; 5В010700 – Бейнелеу өнері және сызу; 5В010800 – Дене шынықтыру және спорт; 5В012000 – Кәсіптік оқыту; 5В040900 – Хореография; 5В042100 – Дизайн.

Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы 34,214 кабинет, +7 (7132) 54-45-52

Сондай-ақ, Университеттің материалдық-техникалық базасында қазіргі заманғы талаптарға сай *ғылыми зертханалар, Студенттер сарайы, оқу және өндірістік бөлмелері, спорт орталығы, спорттық нысандар, бассейн, кітапханасы бар.*

№ 2 оқу ғимараты

Киелі оқу орда Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті оқу ғимараттарының келесі кезегі **№ 2 оқу ғимараты**. Университеттің аталған оқу ғимараты И. Тургенев көшесінде орналасқан. Факультетте 4 кафедра қызмет етеді: «География кафедрасы», «Тарих және тарихты оқыту әдістемесі кафедрасы», «Отан тарихы және тарихи пәндер кафедрасы», «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы».

«Тарих» факультетіміз дамып, Батыс Қазақстан аймағында кәсіби, білікті мамандар дайындап шығаратын әлеуеті мол, тарих, география салалары бойынша жетекші мамандары қалыптасқан оқу орталығына айналды. Факультетте «Тарих және тарихты оқыту әдістемесі», «География», «Отан тарихы және тарихи пәндер» кафедралары, «Тарих, этнография және археология» ғылыми-зерттеу орталығы бар. «Тарихи» орданың оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасы да жақсы дамыған. Соның ішінде: Кітапхана және 2 оқу залы, акт залы, конференц-зал, мобильді компьютерлік класс секілді студенттерге керекті барлық жағдай жасалған.

Ақтобе қ., Тургенев к., 100а, 204 кабинет,
+7 (7132) 54-58-82

№ 3 оқу ғимараты

Техникалық факультет алғашында ХХ ғ. 80-жылдары № 7 политехникалық училищесі іргетасы негізінде қаланған ғимарат Ағ. Жұбановтар көшесінде орналасқан.

Бүгінгі таңда бұл оқу ғимаратында техникалық факультетпен бірге физика-математика факультеті орналасқан.

Техникалық факультет 8 мамандық бойынша жоғары білікті бакалавр мамандар даярлайды: 5В090100 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру, 5В071300 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары, 5В070800 - Мұнай-газ ісі, 5В070900 - Металлургия, 5В070700 - Таукен ісі, 5В072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 5В072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы, 5В072900 – Құрылыс.

Факультет 4 кафедра бойынша қызмет істейді: «Автокөлік және жол қозғалысын ұйымдастыру» кафедрасы, «Металлургия және тау-кен ісі» кафедрасы, «Мұнай-газ ісі» кафедрасы, «Құрылыс» кафедрасы. Қазіргі заманғы талаптарға сай құралдар және қондырғылармен қамтамасыз етілген арнайы лабораторияларда факультеттің барлық мамандығының студенттері лабораториялық-практикалық сабақтар және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Ақтөбе, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263 ,Техникалық факультет деканаты №34 кабинет +7 (701) 642-23-08

Физика-математика факультеті 1966 жылы құрылып, математика, физика, ақпараттық жүйелер саласында іргелі зерттеулер жүргізу және кадрлар дайындау бойынша аймақтағы жетекші оқу және ғылыми орталығына айналды. Факультет бакалавриаттың — 9, магистратураның — 6, докторантураның — 1 мамандықтары бойынша кадрлар даярлайды.

Факультет құрамында 3 кафедра бар:

- математика (кафедра меңгерушісі м.а. ф.-м.ғ.к., аға оқытушы Глеубергенова М.А.);
- физика (кафедра меңгерушісі ф.-м.ғ.к., доцент Сагимбаева Ш. Ж.);
- информатика және ақпараттық технологиялар (кафедра меңгерушісі м.а. ф.-м.ғ.к., доцент Сарсимбаева С.М.);

Факультет бакалавриаттың 9, магистратураның 6, докторантураның 1 мамандығы бойынша кадрлар даярлайды.

Бакалавриат: 5В010900 – Математика, 5В011000 – Физика, 5В011100 – Информатика, 5В060100 – Математика, 5В060400 – Физика, 5В060200 – Информатика, 5В070500 – Математикалық және компьютерлік модельдеу, 5В070300 – Ақпараттық жүйелер, 5В070400 – Есептеуіш техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету.

Магистратура: 6М010900 – Математика, 6М060100 – Математика, 6М011000 – Физика, 6М060400 – Физика, 6М060200 – Информатика, 6М070300 – Ақпараттық жүйелер
Докторантура: 6D060100 – Математика

Ақтөбе, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263, +7 (7132) 53-31-02

№ 5 оқу ғимараты

Университеттің **№ 5 оқу ғимараты** қаламыздың БІ. Алтынсарин көшесінде орналасқан. Ғимарат алғашында Алматы инженер-транспорттық институт филиалының іргетасы негізінде қаланған. Өткен тарихтың саналы ғұмыры бүгінгі жарқын болашақпен сабақтасып тұрғандай. Еліміздің ертеңін қалыптастыратын ұрпақ тәрбиелеуде өз еңбектерін аямаған оқу ордамыздың ұстаздарына арналғандай ғимараттың өзі қазақтың ағартушы-ұстазы БІ. Алтынсарин көшесінде орналасқан.

Экономика және құқық факультеті бакалавриаттың 7 мамандығы, магистратураның — 3, орта кәсіптік білімнің 4 мамандықтары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауды жүзеге асырады. Факультет студенттері мен түлектері республикалық қоғамдық шаралардың бірнеше мәрте жүлдегерлері.

Факультет бакалавриаттың 7 мамандығы, магистратураның - 3, орта кәсіптік білімнің 4 мамандықтары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлауды жүзеге асырады.

Бакалавриат: 5В050600-Экономика, 5В050700-Менеджмент, 5В050800-Есеп және аудит, 5В050900-Қаржы, 5В051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 5В051100-Маркетинг, 5В030100-Құқықтану.

Магистратура: 6М050600 – Экономика, 6М051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6М051100 – Маркетинг.

Ғимарат базасында студенттерге спорттық-мәдени және ізденіс жолын дұрыс қалыптастыруы үшін барлық жағдай жасалған. Осы оқу ғимаратында білім алатын студенттерге жаңа оқу жылында сәттілік тілейміз!

Ақтөбе қ., БІ.Алтынсарин көшесі, 4; 211 кабинет, +7 (7132) 22-15-02

№ 6 оқу ғимараты

2013 жылы ресми түрде ашылған **шетел тілдері мен филология** факультеттерінің оқу ғимараты сүйікті қаламыздың А. Гришин көшесінде орналасқан.

Шетел тілдері факультетінің базасында Аударма ісі кафедрасы, Ағылшын және неміс тілдері кафедрасы, Шетел филологиясы кафедрасы жұмыс атқарады.

Факультет 3 мамандық бойынша бакалавриат мамандар даярлайды:

- 5B021000 – Шетел филологиясы (ағылшын тілі)
- 5B020700 – Аударма ісі
- 5B011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі

Факультет АСЛ (қазіргі таңдағы ауызша сөйлесу лабораториясы) фоно және видеозалдар, лингафон кабинеті, мультимедия кабинеті, медиатека, компьютер кластарымен жабдықталған.

Ақтөбе қ., Гришин көш. 7а, 206 кабинет, +7 (7132) 54-58-82

Филология факультеті 1966 жылы ашылып, орыс тілі мен әдебиеті мамандығына студенттер қабылданды. Филология факультеті бүгінгі таңдағы оқу ордамыздың ең белсенді факультеттерінің бірі шетел тілдері факультетімен көршілес болып білім алады. Қазіргі таңда факультетте үш кафедра жұмыс істейді: Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы, Қазақ әдебиеті кафедрасы, Орыс филологиясы және мәдениаралық коммуникация кафедрасы.

Факультет бакалавриаттың 6 мамандығы және магистратураның 1 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат: 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті; 5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті; 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті; 5B012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті; 5B020500 – Филология: қазақ филологиясы және қазақ, қытай тілінде құжат жүргізу; 5B020500 – Филология: орыс филологиясы және орыс, қытай тілінде құжат жүргізу.

Магистратура: 6M020500-Филология

Факультет құрамында: «Жұбановтану» зертханасы мен «Абайтану» кабинеті бар.

Ақтөбе қ., Гришина көшесі 7 (№5 корпус),
310-кабинет
+7 (7132) 53-31-05

